

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1531 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 151 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 20, 248-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

«1.2.2. «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Днепр» ЗТ коммерциялық пайдалануға Қазақстанның қатысуын қамтамасыз ету» деген міндетте:

«Космотрас» ХҒК ЖАҚ жарғылық капиталына қатысу үлесі («Днепр» ЗТ)» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «33,3» деген сандар «10» деген сандармен ауыстырылсын;

«7. Бюджеттік бағдарламалар» деген бөлімде:

«7.1. Бюджеттік бағдарламалар» деген кіші бөлімде:

009 «Ғарыш аппараттарын басқаруды қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштері ҒА және «KazSat» ғарыштық жүйесінің жердегі инфрақұрылымын сақтандыру шарттары, арнайы күзет ұйымдарымен шарттар» деген жолдағы «7» деген сан «6» деген санмен ауыстырылсын;

«ЖҚЗ ҒА сақтандыру шарттары» деген жолдағы «1» деген сан алынып тасталсын;

«бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдағы «1 242 025» деген сандар «1 102 281» деген сандармен ауыстырылсын;

017 «Ғарыш саласындағы мамандарды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру» деген бюджеттік бағдарламада:

«бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «208 305» деген сандар «207 565» деген сандармен ауыстырылсын;

019 «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің күрделі шығындары» деген бюджеттік бағдарламада: «бюджеттік шығындар көлемі» деген жолдың «2013 жыл» деген бағанындағы «6 437» деген сандар «4 845» деген сандармен ауыстырылсын; «7.2. Бюджеттік шығындар жинағы» деген кіші бөлімде: «2013 жыл» деген бағанда: «бюджеттік шығындардың БАРЛЫҒЫ:» деген жолдағы «29 511 213» деген сандар «29 369 137» деген сандармен ауыстырылсын; «ағымдағы бюджеттік бағдарламалар» деген жолдағы «3 067 968» деген сандар «2 925 892» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*